

1



2



3



4



5



6



7




8




9




Жомарт және адамгершілігі жоғары жансыз. Сіз үнемі үздік болуға талпынасыз. Кеудемсоқтық қасиетіңіз де жоқ емес. Жұрт сырттай сізбен тіл табысу қиын деп түсінеді. Олай емес, тек сіз өзіңізбен-өзіңнің табысуыңыз оңай шаруа емес. Сіз үнемі белсенді жұмыс атқарасыз. Бірақ өзімшіл емессіз. Сіз өз әлеміңізді әдемілендіру үшін тынбай жұмыс жасайсыз. Сіз біреуді жаныңызға жара салғанша жақсы көресіз. Ал содан кейін... содан кейін де жақсы көруден танбайсыз. Сіздің ісіңіздің қадіріне жетіп жүрген жандар аздау.




Еліктіргіш және шыншыл адамсыз. Сіз біреуге көмектесуге қашан да даяр тұратын жауапкершілігі жоғары жансыз. Сіз адал жұмыс жасауды жақсы көресіз. Қандай да бір жұмысты өз міндетіңізге алудан қашпайсыз. Сіздің мінезіңіз көпке ұнамды. Сізде үнемі көптің көңілінен шығатын қызықты әңгіме таусылмайды.




Ақылды және ойшыл жансыз. Сіз сөзсіз ой адамысыз. Сіздің идеяңыз бен ойларыңыз өте маңызды. Сіз жалғыз қалғанда көп ойға берілесіз. Өзіңіздей үнемі ой үстінде жүретін жандармен сұхбат құрудан қашпайсыз. Сіз өзіңіз дұрыс деп жасаған нәрсені жасайсыз. Оған көпшілік бір ауыздан келісе қоймауы да мүмкін.




Зерек жансыз. Сіз өз ортаңызда сирек кездесетін жалғыз адамсыз. Сізбен қатар тұрар жан жоқ. Тіпті сізбен салыстыруға тұрарлық жан да... Сізді көбі дұрыс түсіне бермейді. Сондықтан ондай жандардың ісі сізді үнемі ренжітеді. Сізге жеке кеңістік құру қажет. Шығармашылығыңызды байыта түсіңіз. Өйткені жұрт сізді шығармашылығыңыз үшін де қадірлейді.




Сенімді жансыз. Сіз тәуелсіз жансыз. "Бәрін өзім жасаймын" деген қағиданы ұстанасыз. Тек өзіңізге ғана сенесіз. Сіз жақындарыңыз үшін қалай сенімді болудың құпиясын білесіз. Жұрттардан бар тілеріңіз - олардың сізге адал болуы. Өйткені сіз адал адамдарды бағалайсыз, шындықты сүйесіз.




Мейірімді және сезімтал жансыз. Сіз адамдармен оңай қарым-қатынас орнатасыз. Досыңыздың саны көп. Олардың өмірін жақсарту үшін қолыңыздан келгенін аянып қалмайсыз. Сіз бар жерде кейбіреулер өздерін артық сезінеді. Сіз махаббатқа сенесіз, онсыз өмірдің мәні жоқ деп ұғасыз.




Бақытты және өзін-өзі еркін билейтін жансыз. Сіз адамдарды айтқызбай-ақ ұғатын кішіпейіл адамсыз. Әр адам өмірде өз жолын салуы керек деп түсінесіз. Сіз кез келген шараны, оқиғаны да қорқынышсыз қарсы аласыз. Көп мазаланатыныңыз тағы бар. Үнемі бос уақытты тиімді өткізесіз.



Әдемі және қайратты жансыз. Сіз көңілді де күлдіргі адамдардың қатарынансыз. Егер әңгіме қандай да бір оқиға жайында өрбіп жатса, үнемі "Қолдаймын" деп қол көтеруге дайын жүресіз. Сіз таңқалудан да, таңдандырудан да жалықпайсыз. Бәрін біліп алғыңыз келіп тұрады. Егер сізге бір нәрсе қызық болса, соның жай-жапсарын анықтағанша байыз таппайсыз.




Жолы болғыш адамсыз. Сіз үшін өмір - сыйлық. Сол сыйлықты сәтті пайдалану керектігімен бас қатырасыз. Өмірде қолыңыз жеткен жетістікпен марқаясыз. Жаныңызға жақын жанмен бар қуанышты бөлісуге әзір тұрасыз. Кешіре де, кешірім сұрай да аласыз.





Кестені толтырыңыз

№	Аты-жөні	Телефон	E-mail	Мекен-жайы
1				
2				
3				
4				
5				
6				



Кестені


тоқтырыңыз

Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бәйсенбі Жұма Сенбі

1-
сабақ


2-
сабақ

3-
сабақ




5 баған, 11 жолдан тұратын кесте құрыңыз. Ұяшықтардың өлшемдерін өзгертіп, кестеге өз тобыңыздың студенттерінің тізімін жазыңыздар. Және бағдарламалау тілі, математика, тарих пәндерінен алған бағаларын жазыңыздар. Пішімдеу амалдарын қолданып, кестені әрлеңіз:

1. Кестенің 1 - ші бағанын және 1 - ші жолын сұр түске боя.
2. Кестенің бағандарын үзік сызықтарға келтір.
3. Кестенің ішкі сызықтары ғана көрінбейтіндей қалыпқа келтір



1. Кесте дегеніміз не?
2. Кесте кұру әдістерін ата
3. Бірнеше ұяшықты бір ұяшыққа біріктіру және бір ұяшықты бірнеше ұяшыққа бөлу қалай орындалады?



Тұрады ол жолдармен бағандардан,
Және тұрар ұяшықтар ағымынан.
Кәне ойланып көрейік ол не екен,
Баған менен жолдарды
қиылыстырған.

Кест


Кестенің бір негізгі элементі,
Көлденең ұяшық құру қызметі.
Ұяшық емес, баған емес ол не екен?
Кестенің негізгі болған қызметі.

Тіктөртбұрышқа ұқсайды,
Елемей кетуге болмайды.

**(Жол
)**

Бағанменен жолдардың қиылысы,
Кестеде қай элементті құрайды.

**(Ұяшық
)**



Тест сұрақтары

1. MS Word - та кесте құру үшін...

- а. Таблица → Вставить → Таблица
- б. Таблица → Вставить → Ячейки
- в. Таблица → Вставить → Столбцы
- г. Таблица → Вставить → Сторки

3. MS Word - та кестелерді жиектеу үшін

- а. Таблица → Вставить → Таблица
- б. Формат → Граница и заливка
- в. Вставка → Номера страниц
- г. Формат → Абзац

2. MS Word - та кестеге жолдар қосу үшін

- а. Таблица → Вставить → Таблица
- б. Таблица → Вставить → Ячейки
- в. Таблица → Вставить → Столбцы
- г. Таблица → Вставить → Сторки

4. MS Word - та таблицада
Ұяшықтарды жою үшін

- а. Таблица → Удалить → Таблица
- б. Таблица → Удалить → Ячейки
- в. Таблица → Удалить → Столбцы
- г. Таблица → Удалить → Сторки

5. MS Word - та таблицада бағандарды жою үшін

- а. Таблица → Удалить → Таблица
- б. Таблица → Удалить → Ячейки
- в. Таблица → Удалить → Столбцы
- г. Таблица → Удалить → Сторки

